



*Ұлы даланың
ұлы есімі - Абай*










Виртуалды көрме



*Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла,
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым кінә қойма.*

Абай болашақ ұрпаққа сөзін осылай арнады. Бұл өткеннің құлазыған ғасырларынан өзіне бейтаныс, басқа, бірақ жарқын болашаққа сенімді жол салған ақынның айтқан сөзі еді.

*Құрметті оқырмандар! Сіздердің назарларыңызға **«Ұлы даланың ұлы есімі - Абай»** атты виртуалды көрмеізді ұсынамыз. Абайдың 180 жылдығына кітапхана қызметкерлері кітапхана көрмесі, шолулар, конференция, бенефис және кітап бастамасы, әдебиеттер кештерін өткізу арқылы оқырмандарды ақынның өмірбаяны, шығармашылығымен таныстырады, қазақ және басқа да тілдегі шығармалардың маңызы мағынасын көрсетеді.*





*Абай шөлдегенге - бұлақ, адасқанға - шырақ.
Абай адамзатқа жол көрсетіп тұрған
адастырмас ақ жұлдыз!
Адамзат барда Абай бар!
Абай - дүние тұрғаниша тұратын тұлға!*

Сәбит Досанов, жазушы

*М.Әуезовтің атақты «Абай жолы»
эпопеясындағы Абайдың асқар алып бейнесі
бүгінгі таңда планетаның көптеген
континенттерінде асқақ көрінеді. Бүгін біз
осы аса ұлы эпопеяны жасаушы Мұхтар
Омарханұлы Әуезовті зор ризалық және алғыс
сезімімен тағы да еске алуға тиіспіз, өйткені
оның талантының арқасында ұлы Абай
дүниеге қайта келгендей болды.*

Дінмұхаммед Қонаев



Абай - қазақтың ұлы ақыны, философы. Абайдың философиялық ой-пікірі ХІХ ғасырдың екінші жартысында қалыптасты. Абай әйгілі шығыс классиктері Фердауси, Сағди, Ширази, Низами, Навоилардың шығармаларын және ислам философтарының көзқарастарын жетік білді, сонымен бірге ежелгі гректің атақты классигі Аристотельдің философиялық шығармаларымен және Сократтың еңбектерімен толық танысты, В.Г.Белинскийдің еңбектерін көп оқыды. Абайдың дүниетану жолында өткен замандардың кемеңгер философтарының шығармаларын оқып, өз дәуірінің алдыңғы қатарлы ой-пікірлерін қорытып, оларды қазақ өміріндегі аса маңызды мәселелерді түсіндіруге қолданды. Осы кездегі қазақ қауымын толғандырған басты құдірет, жан мен тән, өмір мен өлім туралы болса, солардың барлығына Абай алға басарлық тұрғыдан жауап беруге тырысты.



*Абайдың өлеңдері де, қырық бес қарасөзі де
тұнып тұрған тұп-тұнық, түпсіз терең ой.
Абай мұрасы жол көрсетіп тұрған бағдаршам,
адастырмас ақ жұлдыз:*

Бес нәрседен қашық бол,

Бес нәрсеге асық бол,

Адам болам десеңіз.

Тілеуің, өмірің алдыңда,

Оған қайғы жесеңіз.

Өсек, өтірік, мақтаншақ,

Еріншек, бекер мал шашпақ -

Бес дұшпаның, білсеңіз.

Талап, еңбек, терең ой,

Қанағат, рақым, ойлап қой -

*Бес асыл іс көнсеңіз, - дейді, ұлы ақын Абай
Құнанбайұлы. Абай бес асыл іс пен бес
дұшпанның ара жігін ажыратып, келешек
ұрпағына тағылымы мол өсиет қалдырды.*





Абай адамдарды осы дүниеде игілікті еңбек етіп, өнер-ғылым тауып, өз тіршілігін оңалтып, рақат көруге насихаттайды. Халықты өнер-ғылым жолына жұмылдырады: “Ғылым таппай мақтанба, орын таппай баптанба”, “Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғылымды көрсеңіз. Ондай болмақ қайда деп, айтпа ғылым сүйсеңіз” - дейді.


Дүние бір алып құрылыс, оған әрбір адам өз үлесін қосу керек деп тұжырамдайды:

*“Әсемпаз болма әр неге, өнерпаз болсаң арқалан,
Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан!” - дейді.*

Абай ақыл-парасатты дәріптеп, ғылым мен ағарту идеяларын насихаттады. Абайдың философиялық ой-пікірінің әлеуметтік маңызы мен алға басарлық мәні, міне, осында.

Абай ақын, ағартушы, ғұлама ойшыл, білікті аудармашы, көреген адам ғана емес, өмірді терең зерделеген философ. Адам жанын мұқият зерттеген үлкен пәлсапашы.

82.09(574)(031) Сужикова, А.У. Мәңгілік тұлға - ұлы
С85 Абай [Изоматериал] / Сужикова А.У.,
Қайрамбаева М.С. - Алматы: Алматыкітап,
2020. - 295 б.



Ұсынылып отырған көлемді еңбек - жастарға және көпшілік қауымға арналған энциклопедиялық басылым.

Ақын өмірінің әр қырын жан-жақты көрсету мақсатында кітаптағы материалдар төмендегі тақырыптар бойынша жинақталды: Абайдың өмірі және отбасы; Абайдың орыс достары; Абайдың ел билеу ісіне араласуы; Абайдың шығармашылығы, аудармалары; Жидебай-Бөрілі - ұлылар жатқан қасиетті жер; Алматы қаласындағы ұлы ақын есімі берілген орындар; Абайдың ақын шәкірттері; Абайдың ән-күй мұрасы; Абайдың айналасындағы өнерпаздар; Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының Жидебайдағы музей-үйі; Абайдың мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейі; Абай - сегіз қырлы, бір сырлы жан; Абай дәуіріндегі Семей; Ұлылардың ізі қалған қара шаңырақ; Абайдың болашақ ұрпағына қалдырған өсиеті. Сонымен бірге басылымда тың қосымша деректер, ақын өмірі баяндалған әдеби шығармалардан үзінділер келтірілді. Ұлы Абайдың балалары мен туған-туыстары, жақындарының естеліктері енгізілді.

Кітап көпшілік оқырман қауымға арналады.

82.09(574.52) Мырзахметұлы, М. Абайтану. 175 жыл [Мәтін]. 1 т. [Абайтану тарихы] / Мекемтас Мырзахметұлы. - Алматы: Қазығұрт, 2020.



Белгілі абайтанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы Мекемтас Мырзахметұлы дайындаған «Абайтану» сериясының алғашқы томында ұлы Абай мұрасының зерттелуі мен Абайтану тарихының қалыптасу жағдайы нақтылы кезеңдерге бөлініп сипатталған. Бір ғасыр бедеріндегі ақын мұрасын танып, бағалау жолындағы жетістіктер мен кемшіліктер бүгінгі күн тұрғысынан таразыланады.




Кітапта адамзат танымының тарихында қызу талқыланған адамгершілік ұғымының мән-мазмұны мен төркін-тегі Аристотель, Платон, әл-Фараби, ибн-Сина еңбектері негізінде жүйеленіп, айқындалған. Адамгершіліктің ең берісі қайырымдылық пен жан денсаулығы, ең әрісі Игілік пен Бақыт екені түйінделген.

Кемел кісілікке жету жолын нұсқаған еңбекте төркіні де, танымы да терең осы адамгершілік ілімінің қазақ әдебиетінде Ж.Баласағұн, А.Иасауи, Абай, Шәкәрім шығармалары арқылы жүйелі жырланғаны қарастырылады. Адамгершілік ілімі Хакім Абай шығармаларынан бастау алып, тамыр-тегінен тартып таратыла сөз етіледі.

Кітап жоғары оқу орны шәкірттері мен талапты жастарға және көзіқарақты оқырман қауымға арналған.

82.512.122.09 Негимов, С. Абайдың даналығы
НЗ6 [Мәтін] : [монография] / Серік
Негимов. - Алматы: Дәуір, 2024. -
272 б.



Кітапта қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы, ойшыл, хакім, композитор, ұлт қайраткері Абайдың шығармашылық өнернамасы - көркемдік, пәлсапалық, ғылыми дүниетанымы тарихи-филологиялық тұрғыдан сараланып зерделенді.

Сондай-ақ Абайтану ілімі тарихындағы әйгілі зерттеушілердің еңбегіндегі жаңалықты ой-тұжырымдар мен ұстанымдар талданды.

Монография Абайтану іліміне ынтызар жалпы оқырманға, сондай-ақ білім, ғылым, мәдениет саласы мамандарына, білім алушыларға арналған.

Біз елді, ұлтты Абайша сүюді үйренуіміз керек. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады.

Ғұлама Абай - қазақ топырағынан шыққан әлемдік деңгейдегі кемеңгер. Ол күллі адамзат баласына ақыл-ойдың жемісін сыйлады.

Қазақ елі барда Абай есімі асқақтай береді. Оның асыл сөздерін рухани байлығымыз ретінде жоғары ұстасақ, туған еліміздің әлем алдындағы абыройы арта берері сөзсіз.


Абай мұрасы - біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық.

Абай арманы - халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал.

Абайдың өсиет-өнегесі ХХІ ғасырдағы жаңа Қазақстанды ұлы биіктерге жетелейді.

***Қасым-Жомарт Тоқаев,
азақстан Республикасының Президенті***


82.09(574) Ұлы даланың ұлағатты
Ұ46 тұлғалары [Мәтін] / [құраст. Қ.
Бораш]. - Нұр-Сұлтан: Фолиант,
2020. - 320 б.



Бұл жинақ қазақ сахарасы үшін ғана емес, күллі адамзат өркениетінде орны бөлек қос алып шың - Абай Құнанбайұлының 175 жылдығы мен Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған мерейтойлары аясында жарық көріп отыр. Дала данышпандары қалдырған асыл мұраларды ХХІ ғасыр көзқарасымен зерделеп, аталған қазынаны адамзаттың рухани құндылықтары қатарына көтеру - уақыт талабы. Таңдаулы әр автордың барлығы да биік талғам үдесінен табылып, тарих тереңінен бүгінге жол тауып, оқырманын орамды ой, тағылымды тілмен еріксіз баурап отырады.


Қазыналы мағлұматқа бай кітап көпшіліктің оқуына арналған.

821.512.122 Құнанбаев, А. Абай туралы сөз
Қ76 [Мәтін] : мақалалар, естеліктер. 10 т. 9
т. / Абай Құнанбаев. - Алматы: RS ;
Халықаралық Абай клубы, 2020. – 360
б.



Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде жарыққа шығып, мәртебелі оқырманның қолына тиген 10 томдық жинаққа Абай еңбектері қазақ, орыс, ағылшын, неміс, француз тілдеріне топтастырылып, ұлы ақын туралы мақалалар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарық көріп отыр. Тоғызыншы том «Абай туралы сөз» деп аталады. Бұл томда атақты тұлғалар, жазушылар Абай Құнанбайұлы жайлы мақалаларын, естеліктерін және ақынға арнаған өлеңдерін топтастырылған.

Кітап көпшілік оқырман қауымға арналады.



*Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және Хақ жолы осы деп әділетті.*

Абай Құнанбайұлы


*Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, мінез
деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрселермен озам
демектің бәрі де - ақымақшылдық.*

Абай Құнанбайұлы

*Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның
өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі.*

Абай Құнанбайұлы


82.09(574) Тарақов, Ә. С. Ғаламның жыр данасы
Т21 [Мәтін] : [қазақтың классигі Абай
Құнанбаевтың поэзиясын талдап, жаңаша
бағалау] / Әнуар Сауатұлы Тарақов. - Алматы:
Сардар, 2020. - 272 б.



Қазақ халқының ұлы ақыны, классигі, ойшыл дана Абай Құнанбаев шығармалары туралы зерттеулер бірнеше томдарды құрайды. Абайдың туындыларын кеңестік кезеңдегі зерттеу таптық сипат алды. Коммунистік партияның қатаң идеологиялық жүйесіне сай дін тақырыбындағы өлеңдері мен қара сөздеріндегі ой-тұжырымдары терең талданылмады.

Еліміз тәуелсіздігінде әдебиеттанушылар алдында Абайды халқымызға жан-жақты таныстыру, ұлы ақын мұраларын жаңа көзқараспен саралап, бағалау үрдіс алды. Филология ғылымдарының докторы, профессор, ақын Ә.Тарақов Абай шығармаларын тұтастай, кешенді зерттеу жасады. Абай өлеңдері филологиялық әрі герменевтикалық жүйеде кеңінен талданады. Ғалым классик ақынның өлеңінің әр жолын, тіркесін, сөзін талдап, тұжырымдайды. Өлеңнің мазмұнын мәтіндегі ақынның тұспалды ойын, көркемдік-бейнелеу үлгілерін, поэтикалық жаңашылдығын айқындаған. Ғылыми еңбектің тілі жеңіл, оқырмандардың түсінуіне, пайымдауына бейімделген. Автор Абай өлеңдерінің сұлулығы мен сыршылдығын, тереңдігі мен танымдылығын, философиясы мен эстетикасын, т.б. ерекшеліктерін әлемдік классикалық поэзия үлгілерімен салыстыра сараптап, бағалайды.

82.09(574.52) М91 Мырзахметұлы, М. Абайтану. 175 жыл [Мәтін]. 10 т. [Абайдың адамгершілік мұраттары] / Мекемтас Мырзахметұлы. - Алматы: Қазығұрт, 2020. - 340 б.




Мекемтас Мырзахметұлының көп жылдық зерттеулері қамтылған бұл еңбекте Абайдың адамгершілік туралы көзқарастары, ежелгі шығыс ойшылдарымен пікір сабақтастығы жайлы ғылыми деректер қорытылып, талданады. Сондай-ақ, ұлы ақын мұрасын танудағы негізгі бір сала - шығармаларының бұрын-сонды басылымдары, ондағы текстологиялық мәселелер, жалпы абайтанудың бүгінгі жайы сөз болады.

Бұл кітапта хакім Абайдың «Толық адам» ілімі - жаңа таным жолы ретінде қарастырылады. Автор Абай танымын қазіргі заманға сай көзқараспен саралап, соны тұжырымдар ұсынады.

Абай шығармаларының тілдік ерекшеліктерін екшелеген «Абай лұғаты» зерттеуі де осы томға енгізілді.

821.512.122
Қ76


Құнанбайұлы, А. Адамзаттың бәрін сүй [Мәтін] : таңдамалы өлеңдер жинағы / Абай Құнанбайұлы. - Қарағанды: Qasym, 2022. - 208 б.



Абай шығармашылығы - қай қазақтың болмасын бас қойып, қанып ішер рухани бастау бұлағы. «Қазақтың бас ақыны» атанған хәкімнің өлеңдері өзінің құндылығын ешқашан жоғалтқан емес. Осыған орай баспамыз назарларыңызға ұлы ақынның таңдамалы жинағын ұсынып отыр.

Кітап барша оқырман қауымға арналады.


821.512.122 Құнанбайұлы, А. Абайдың қара
Қ76 сөздері [Мәтін] / Абай Құнанбайұлы. ;
[кітапты баспаға әзірлеген
"Мазмұндама" қоғамдық қоры]. -
Алматы: Мазмұндама, 2024. - 148 б.



Абайдың қара сөздері (ғақлия) - ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін прозалық шығармасы. Абайдың қара сөздеріндегі гуманистік, ағартушылық, әлеуметтік ойлар дін туралы пікірлерімен бірігіп, тұтас бір қазақ халқының философиялық концепциясына айналған.


821.512.122
Қ76

Құнанбайұлы, А. Сәулең болса
кеудеңде [Мәтін] / Абай
Құнанбайұлы. - Алматы:
Мазмұндама, 2023. – 212 б.



Ақын, ағартушы, қазақ жазба әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, қайраткер Абайдың өлеңдеріне қазақ халқының әлеуметтік, қоғамдық мәселелері мен ізгілік, адамгершілік тақырыбы арқау болған. Терең философиялық ой мен азаматтық пафосқа толы шығармалары надандыққа қарсы күреске шақырады.

821.512.122 Абай. Шығармаларының академиялық
А13 толық жинағы [Мәтін]. [3 т.]. 1 т. Өлеңдер
мен аудармалар / Абай.; [томды құраст.,
баспаға дайындағандар: К.І.Матыжанов және
т. б.]. - Алматы: Жазушы, 2020. - 640 б.



Үш томдық толық жинақ Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына орай, текстологиялық зерттеулер негізінде қайта сараланып, мазмұндық, мәтіндік, құрылымдық тұрғыдан толықтырылып құрастырылды.

Академиялық жинақтың бірінші томында ақынның өлеңдері мен аудармалары берілген.

Қазақтың бас ақыны - Абай Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ.

Ахмет Байтұрсынов.

*Шын хакім, сөзің асыл - баға жетпес,
Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес.
Қарадан хакім болған сендей жанның,
Әлемнің құлағынан әні кетпес!*

Мағжан Жұмабаев

*Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы -
заман тынысы, халық үні. Бүгін ол үн
біздің де үнге қосылып, жаңғырып, жаңа
өріс алып тұр.*

Мұхтар Әуезов

*Жалпы өмірдің қай саласында да
Абайдың ақылын алсақ, айтқанын
істесек, ел ретінде еңселеміз,
мемлекет ретінде мұратқа жетеміз.*

Қасым-Жомарт Тоқаев

821.512.122
Қ76

Құнанбайұлы, А. Көңілімнің санасы
[Мәтін] : [лирика] / Абай Құнанбайұлы. -
Алматы: Олжас кітапханасы, 2019. - 180 б.



Абай Құнанбайұлы (1845-1904) - көрнекті қазақ ақын-ағартушысы, классикалық қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы, ойшыл, композитор.

Дара поэтикалық шеберлігі, қазақ поэзиясын жаңа түр, жаңа мазмұнмен байытуы Абай Құнанбайұлын өз заманының үздік лирик ақындарының қатарына қосты. «Желсіз түнде жарық ай» (1888), «Көлеңке басын ұзартып» (1890), «Сағаттың шықылдағы емес ермек» (1896) атты өлеңдері - ақынның терең ой мен шынайы сезім, көркемдік кемелділікпен ерекшеленетін лирикалық поэзиясының жарқын үлгілері болып табылады.

Биік поэзия мен поэтикалық сөзді құрметтеушілерге арналған бұл кітап қазақ халқының ұлы перзенті Абай Құнанбайұлының терең ойлы лирикалық өлеңдерінен құралған.



821.512.122 Абай. Қара көңілім оянсын [Мәтін] :
A13 өлеңдер мен поэмалар / Абай. - Нұр-
Сұлтан: Фолиант, 2020. - 336 б.



«Сөз-маржан» сериясымен жарық көріп отырған бұл жинақта қазақ халқының ұлы ақыны Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өлеңдері мен поэмалары топтастырылған.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

82.09(574.52) Мырзахметұлы, М. Абайтану. 175 жыл [Мәтін]. 5 т. [Толық библиографиялық көрсеткіш] / Мекемтас Мырзахметұлы. - Алматы: Қазығұрт, 2020. - 592 б.



Қазақ әдебиетінің ұлы классигі Абай Құнанбаевтың туғанына 140 жыл толуына орай жасалған бұл көрсеткіш ақын мұрасы жөнінде жазылған 1889 - 1985 жылдар аралығында жарық көрген деректер көзін тақырыптық жүйеде тұтас қамтиды.


Библиографиялық көрсеткіш негізінен қазақ, орыс тіліндегі деректерді қамтуы себепті, екі бөлімге жіктеліп берілді. Әрбір оқырман іздеген дерегін белгілі бір тақырып желісінде тез тауып алуына қолайлы болуы үшін, әр бөлім негізінен 60-тан астам тақырып аясына шоғырландырылды.

Кітаптың екінші бөліміне Абайдың өмірі мен шығармашылық қызметі туралы хронологиялық көрсеткіш енгізілді.

«Қара сөздер» - қазақтың рухани қамшысы, мәңгілік қазынасы. Есеңгірегенде ес жигызатын, имендіретін киелі қамшы. Бұл сөз құдіретінің мәңгілігімен салыстырғанда қылдай қысқа мезет. Бірақ осы уақыт аралығында хәкімнің қара сөздері баға жетпес мұраға, халықтың сарқылмас жан азығына айналды. Мыңдаған жыл өтсе де қадірін жоғалтпайтын, құнын жоймайтын қара сөздер қашанда жанымызда!

Абайды оқу - өзін-өзі тануға үйрену. Абай еңбектері әр баланы өзін-өзі тануға тарта отырып, оның ұлтжанды, патриот болуына зор ықпал ете алатын қуатқа ие.

Абай әлемі - рухани кемелденудің, адамгершіліктің азығын табатын әлем. Ойшылдың шығармаларының негізі - адамның тұлғалық дамуына дабыл беріп, білім мен адамгершілікке, тәрбиелі болуға шақырады.



Абайдың даналық сөздері қазақ халқының алтын тұғыры, түп негізімізге үңіліп, ұлттық ұстанымымызды іздеген көптеген ұрпақтың басын біріктіретін мәңгілік рухани тірек болып қала бермек

Қасым-Жомарт Тоқаев

Абай - өзін-өзі өлеңімен жұбатқан жан.

Шәкәрім Құдайбердіұлы

Абайдың барлық өлеңі - қазақтың сол күшті тілінің ішінен туған асыл құрыш, қырдағы қалың қазақтың осы күйге шейін сөйлеп жүрген жалпақ тілінің жемісі, соның сыры мен сымбатын көрсететін айнасы. Бұл - Абайдың қазақ тіліне істеген қызметі.

Мұхтар Әуезов



Біріңді, қазақ, бірің дос

Көрмесең, істің бәрі - бос! - деп көрсетеді.

Адам жанының сипаттарын саралай келе, Абай адамның барлық іс-әрекеттерінде үлкен орын алатын жүрек сияқты, адамзаттың өмір сүруінің патшасы деп сезімді қояды. Өйткені, жоғары сезімдер - адамға ғана тән.

Адамның аса жарасымды сипаттарына рақымдылық, мейірбандық, иманжүзділік, достық, жолдастық, адалдық, отансүйгіштік, бүкіл адамзатты жақсы көру, ар-намыс, борыш, жауапкершілік, ұят сияқты сезімдерді жатқызады.

Қорыта айтқанда, ғұлама ойшыл Абай - ұлы ақын ғана емес, адам жан дүниесінің теңдессіз білгірі, зерделі зерттеушісі. Абайды тану - қазақ ұлтын тану, ол - ұлттық мақтанышымыз.

*Виртуалды көрме Тараз қаласы
ОККЖ ақпараттық -
библиографиялық қамтамасыз
ету бөлімінде жасалды.*



okkzh_taraz



Тараз Қалалық Кітапханасы



<http://libr.e-taraz.kz/kk>